

Бекітемін: 
«Балажан» бөбекжай-балабақшасының
меңгерушісі Д.Б. Мұхамбетг'ярова
«29» тамыз 2025 жыл



**«Балажан» бөбекжай-балабақшасының
2025-2026 оқу жылына арналған оқу-тәрбие
жұмысының жоспары**

Ақтөбе-2025ж

І. ӨТКЕН ЖЫЛҒЫ ЖҰМЫСТЫ ТАЛДАУ

1. Денсаулық пен салауатты өмір салтын қамтамасыз ету

-Медициналық бақылау және балалардың денсаулығын сақтау

Оқу жылы бойы тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау мен нығайту бағытында кешенді жұмыстар жүргізілді. Балалардың денсаулығы тұрақты медициналық бақылауда болды. Балабақша медбикесі ай сайын профилактикалық тексерулер ұйымдастырып, балалардың салмағы мен бойының өсімін бақылап отырды.

ЖРВИ және маусымдық аурулардың алдын алу мақсатында санитарлық-гигиеналық талаптар күшейтілді, бөлмелерде жүйелі түрде желдету мен кварцтау жұмыстары жүргізілді.

-Салауатты өмір салтына баулу жұмыстары

Топтарда таңғы жаттығулар, сергіту сәттері, қимыл-қозғалыс ойындары жүйелі түрде өткізілді. Дене шынықтыру нұсқаушысы жылдық жоспарға сәйкес ойын іс-әрекеттерін өткізді.

«Салауатты өмір салты – болашақ кепілі», «Денсаулық – зор байлық» атты апталықтар мен акциялар ұйымдастырылып, балалар мен ата-аналардың қатысуымен түрлі спорттық жарыстар өткізілді.

-Тамақтану сапасы және санитарлық жағдай

Балалардың тамақтануы 4 мезгілдік үлгі бойынша балабақша ішілік бекітілген 10 күндік ас мәзірімен жүргізілді. Тамақтану сапасына жауапты бракераждық комиссия тарапынан күнделікті бақылау жүргізілді.

Ас мәзірі санитарлық талаптарға сай жасалып, дәруменге бай тағам түрлері енгізілді.

Жалпы алғанда, балалардың денсаулық жағдайы жақсы деңгейде, алайда кейбір кезеңдерде аурушандық деңгейі орта есеппен 5–7% құрағаны байқалды. Бұл көрсеткішті төмендету мақсатында иммунитетті нығайту шараларын күшейту қажет.

II. Мектепалды топ балаларының мектепке оқуға дайындық деңгейін талдау

-Диагностикалық жұмыстар нәтижесі

Жыл соңында жүргізілген педагогикалық диагностика қорытындысы бойынша балалардың мектепке дайындығы жоғары және орта деңгейде қалыптасты.

Талдау нәтижесінде келесідей көрсеткіштер анықталды:

- Танымдық қабілеттер – 89%,
- Сөйлеу және байланыстырып айту дағдылары – 85%,
- Қол моторикасы және жазуға дайындық – 82%,
- Әлеуметтік-эмоциялық даму деңгейі – 90%.

-Білім, білік және дағдылардың қалыптасу деңгейі

Балалар қоршаған орта туралы түсініктерін кеңейтіп, логикалық ойлау, салыстыру және талдау дағдыларын игерді. Қазақ тілдерінде сөздік қоры байытылды, байланыстырып сөйлеу, тыңдау, сұраққа жауап беру дағдылары қалыптасты.

Математика негіздерінен санау, өлшеу, пішіндер мен сандарды ажырату біліктері жақсы деңгейде меңгерілді.

-Мәселелер және келесі жылға ұсыныстар

Кейбір балаларда жазуға дайындық (ұсақ моторика) мен зейін тұрақтылығында қиындықтар байқалды.

Келесі оқу жылында:

- ұсақ моториканы дамытуға арналған арнайы жаттығулар санын арттыру,
- сөйлеу тілі бұзылыстары бар балалармен логопедиялық жұмыс көлемін көбейту қажет.

III. Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру нәтижелері

-Біліктілікті арттыру және тәжірибе алмасу

Жыл ішінде педагогтердің кәсіби дамуына ерекше назар аударылды.

- Педагогтердің 70%-ы облыстық және республикалық онлайн семинарларға қатысты.
- Бірқатар тәрбиешілер жаңартылған білім мазмұны бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өтті.

• «Біртұтас тәрбие жобасындағы музыкалық тәрбиенің маңызы» атты қалалық семинар, коучингтер мен шеберлік сабақтары ұйымдастырылды.

-Инновациялық технологияларды қолдану

Тәрбиешілер өз тәжірибесінде «Монтессори», «STEAM», «Жобалық әдіс», «Дамыта оқыту технологиясы» сияқты заманауи әдістерді пайдаланды.

Педагогтер арасында ашық сабақтар, шығармашылық көрмелер өткізіліп, үздік жұмыстар анықталды.

-Кәсіби жетістіктер

Бірқатар педагогтер аудандық және қалалық деңгейдегі байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

Келесі оқу жылында педагогтердің ақпараттық технологияларды пайдалану құзыреттілігін арттыру, әдістемелік жұмыстың сапасын жетілдіру жоспарлануда.

IV. Тәрбиеленушілердің ата-аналарымен өзара байланыс

-Ата-аналармен ынтымақтастық

Ата-аналармен өзара байланыс тұрақты түрде жүзеге асырылды.

Жыл бойы жалпы жиналыстар, жеке кеңестер, ашық есік күндері, ата-аналар клубының кездесулері өткізілді.

Тәрбиеленушілердің жетістіктері туралы ақпарат ата-аналарға тұрақты жеткізіліп отырды.

-Бірлескен іс-шаралар

Ата-аналардың қатысуымен дәстүрлі мерекелік ертеңгіліктер, шеберлік сағаттары, экологиялық акциялар мен қайырымдылық жәрмеңкелер ұйымдастырылды.

Бұл іс-шаралар ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыруға, баламен қарым-қатынас сапасын жақсартуға ықпал етті.

-Талдау және ұсыныстар

Ата-аналар тарапынан кері байланыс жоғары деңгейде болды, дегенмен кейбір ата-аналардың жиналыстар мен іс-шараларға қатысу белсенділігі төмен.

Келесі оқу жылында ата-аналармен ақпараттық байланыс арналарын (чат, әлеуметтік желі) кеңейту және педагогикалық тренингтер өткізу ұсынылады.

V. Әкімшілік-шаруашылық жұмыстың қорытындылары

-Материалдық-техникалық база

Жыл ішінде топ бөлмелерінің жиһазы толығымен жаңартылып ауыстырылды. Ойыншықтар мен оқу құралдары толықтырылды.

Аумаққа көгалдандыру жұмыстары жүргізіліп, қауіпсіздік талаптарына сай жағдай жасалды.

Асхана мен медициналық блок санитарлық нормаларға сай жұмыс істеді.

-Қауіпсіздік және еңбек қорғау

Өрт және еңбек қауіпсіздігі бойынша нұсқаулықтар жүйелі жүргізілді.

Балабақша аумағындағы және ғимарат ішіндегі қауіпсіздік талаптары тұрақты бақылауда болды.

-Шаруашылық мәселелер

Жөндеу және абаттандыру жұмыстары кезең-кезеңмен атқарылды.

Келесі жылы дене шынықтыруға арналған ойын алаңын құру қажеттілігі бар

Қорытынды

Өткен оқу жылында балабақша ұжымы алдына қойған мақсат-міндеттерін негізінен орындады.

Білім мен тәрбие сапасы артты, педагогтердің кәсіби деңгейі көтерілді, ата-аналармен ынтымақтастық нығайды.

Келесі оқу жылында басты басымдықтар:

- Балалардың денсаулығын нығайту және қауіпсіз ортаны сақтау,
- Білім сапасын арттыруға бағытталған жаңа технологияларды тиімді енгізу,
- Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру,
- Ата-аналармен серіктестік қатынасты нығайту болып табылады.

II. ЖЫЛДЫҚ МІНДЕТТЕРДІ ЖОСПАРЛАУ

Жылдық мақсат:

Балалардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау, ұлттық құндылықтар мен заманауи технологияларды кіріктіру арқылы сапалы мектепке дейінгі тәрбие мен білім беруді қамтамасыз ету.

Жылдық міндеттер:

1. Ұлттық тәрбие негізінде адамгершілік, патриоттық, экологиялық мәдениет қалыптастыру.
2. Балалардың сөйлеу тілін, шығармашылық қабілетін, қимыл-қозғалысын дамыту.
3. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға жағдай жасау.
4. Заттық-дамытушы ортаны жетілдіру, инклюзивті білім беруді ұйымдастыру.

ЖЫЛДЫҚ МІНДЕТТЕРДІ ШЕШУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ
1. ПЕДАГОГТЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІ МЕН КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІН АРТТЫРУ

Мақсаты:

Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, инновациялық технологияларды меңгеру мен тиімді тәжірибе алмасуға жағдай жасау.

Негізгі іс-шаралар:

№	Іс-шара атауы	Тақырыбы / Мазмұны	Мерзімі	Жауапты тұлға
1	Біліктілікті арттыру курстарына қатыстыру (жоспар бойынша)	«Жаңа әдіс-тәсілдер мен инновациялық технологияларды оқу-тәрбие үдерісіне енгізу» т.б. тақырыптарды	Жыл бойы	Менгеруші, әдіскер, педагогтер
2	Аттестаттауға дайындық (жоспар бойынша)	Аттестаттауға үміткер педагогтердің тізімін құру, педагогтерді аттестаттау ережесімен таныстыру, «Ұстаз» платформасына құжаттарды жүктеу	Қыркүйек-қазан	Әдіскер
3	Байқауға қатысу	Педагогтің біліктілігін арттыруға арналған шығармашылық, кәсіби байқауларға қатысу (қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық деңгейде)	Жыл бойы	Барлық педагогтер

Күтілетін нәтиже:

Педагогтердің кәсіби біліктілігі артып, әдістемелік жұмыс сапасы жақсарады. Заманауи технологияларды тиімді қолдану дағдылары қалыптасады.

	<i>тәрбиеші Э.К. Галиева</i> 4.Тренинг: «Инклюзияны түсінеміз» <i>Жүргізуші: тәрбиеші А.М. Забирова</i> №1 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы		
III	№3 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Балабақша мен әлеуметтік серіктестер (ата-ана, мектеп) арасындағы ынтымақтастық: баланың ортаға бейімделуін қолдау» Мақсаты: Балабақша мен отбасы, мектеп арасындағы өзара іс-қимылды күшейту арқылы баланың әлеуметке бейімделуіне, әлеуметті-педагогикалық қолдау көрсетуге жағдай жасау. 1. №2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу есебі 2. «Әкелер мектебі» жобасы – отбасы ролін нығайтудың бір жолы <i>Тәрбиеші: А.Қ Рысбаева</i> 3. «Жас аналармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс жүргізуде ескерілетін жайттар» іс-тәжірибе бөлісу <i>Тәрбиеші: Қ.С. Калиева</i> 4. «Мектеппен сабақтастық: «Бастауышпен көпір» жобасы <i>Әдіскер: Г.В. Бойченко</i> 5.Баяндама: «Мектеп жасына дейінгі балаларда құқықтық сауаттылықты қалыптастыру» <i>Тәрбиеші: О.В. Шпак</i>	ақпан	Меңгеруші, Әдіскер, педагогтер
IV	№4 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудағы инновациялық әдістер» Мақсаты: Балалардың экологиялық санасы мен қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруда құзыреттілік орталықтары, мобильді топтар және ата-аналармен бірлескен іс-әрекеттер арқылы тиімді әдістерді қолдану. 1. №3 педкеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысы 2. Құзыреттілік орталығы: балалардың экологиялық білімін қалыптастырудың тиімді жолы <i>Әдіскер: Г.В. Бойченко</i> 3. Экологиялық мерекелер – қауіпсіз мінез-құлық пен жауапкершілікке тәрбиелеудің тетігі <i>Музыка жетекшісі: А.Т. Есбусинова</i> 4. Қимылды ойындар арқылы балалардың экологиялық мәдениетін дамыту (мобильді топ тәжірибесі) <i>Тәрбиеші: А.М. Забирова</i> 5. Отбасымен бірлесе ұйымдастырылатын экологиялық тәрбие: қауіпсіздік пен жауапкершілік негізі	наурыз	Меңгеруші, Әдіскер, педагогтер

	<i>Тәрбиеші: М.Т. Арзакулова</i> 6. «Табиғат аясында экологиялық мәдениетті қалыптастырудағы педагог көшбасшылығы» <i>Қаз тілі мұғалімі: К.Р. Дүйсекешева</i>		
V	№5 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Нәтиже мен тәжірибе – дамуға бастар жол» Мақсаты: МДМ-дегі барлық іс-әрекеттердің нәтижесін және әр педагогтың жеке жұмысын қорытындылау, тәрбие-білім беру үдерісін талдау. Өткізу түрі: Педагогикалық идеялар жәрмеңкесі Күн тәртібі: 1. №4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы 2. Педагогтардың жыл бойы атқарған жұмыстары бойынша есеп, тәрбиешілердің жұмыстарының есебі 3. 2025–2026 оқу жылының мамыр айындағы балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасуы бойынша сараптама (диагностика) 4. Аттестациядан өтуге өтініш қабылдау 5. Жазғы сауықтыру шараларын талқылау және бекіту 6. Қорытынды-тренинг: «Өсу мен өзгеріс жолында»	мамыр	Менгеруші, Әдіскер, педагогтер

Күтілетін нәтиже:

Педагогикалық ұжымның шығармашылық белсенділігі артады, жаңа әдістер мен технологиялар енгізіледі, балабақшадағы әдістемелік жұмыс жүйеленеді.

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ

Мақсаты:

Балалардың танымдық белсенділігін, сөйлеу дағдыларын, шығармашылық қабілетін және қимыл-қозғалысын дамыту.

Негізгі іс-шаралар:

№	Іс-шара атауы	Мақсаты	Өткізу мерзімі	Жауапты
1	1 қыркүйек - Білім күні «Білім еліне саяхат»	Балалардың жаңа оқу жылына деген қызығушылығын арттыру, білімге, оқуға деген оң көзқарасын қалыптастыру, балабақша өміріне бейімделуіне жағдай жасау.	Қыркүйек	Педагогтер
2	«Менің бақытты отбасым» отбасы күніне байланысты балалармен әңгіме	Балаларға отбасы туралы түсінік беру, отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілік пен сыйластық сезімін қалыптастыру, өз отбасына деген мақтаныш пен қамқорлықты дамыту.	Қыркүйек	Тәрбиешілер
3	«Ұстаз ұлағатты тұлға» мерекелік құттықтау концерті	Балалардың ұстаздарға деген құрметі мен алғысын білдіру, еңбегін бағалауға, үлкенді сыйлауға тәрбиелеу, мерекелік көңіл күй қалыптастыру.	Қазан	МА топтары, педагогтер
4	«Күз сыйы – туған елге!» ата-аналардың баламен бірлескен жұмысы	Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, ата-аналар мен балалардың бірлескен еңбегі арқылы ынтымақтастықты нығайту, күз мезгілінің табиғат сыйын қадірлеуге және туған жерге сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	Қазан	Тәрбиешілер мен ата-аналар, балалар
5	«Түрлі түсті палитра» суреттер көрмесі	Балалардың қиялын, эстетикалық талғамын және сурет салуға деген қызығушылығын дамыту; түстерді ажырата білуге, әсемдік пен сұлулықты сезіне білуге тәрбиелеу.	Қазан	Тәрбиешілер мен ата-аналар, балалар
6	«Күзгі жәрмеңке» жалпы балабақшаішілік жәрмеңке өткізу	Балалардың еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа және достыққа тәрбиелеу; күзгі өнімдер мен табиғат байлығын танып-білу арқылы еңбектің қадірін түсіндіру, ұжымдық және ата-анамен бірлескен жұмысты нығайту.	Қазан	ТБалабақша ұжымы, ата-аналар, балалар.
7	Менің Республикам – менің мақтанышым» ертеңгіліктер	Балалардың Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру, Қазақстан Республикасына деген мақтаныш сезімін қалыптастыру, ел рәміздерін құрметтеуге және патриоттық рухта тәрбиелеу.	Қазан	Ересек, МА топтары, тәрбиешілер, музыка жетекшілері
8	«Менің Отаным-Қазақстан!» атты мәнерлеп оқу сайысы	Балалардың туған еліне, Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, поэзияға қызығушылығын ояту, мәнерлеп, анық және көркем сөйлеу дағдыларын дамыту.	Қазан	Қазақ тілі мұғалімі, комиссия мүшелері

9	Театрландырылған қойылым «Ертегі әлемінде»	Балаларды көркем сөзбен сөйлеуге, сахна мәдениетіне және топпен әрекет етуге үйрету.	Қараша	Тәрбиешілер, музыка жетекшісі
10	«Жауапты болу – жақсы болу» сюжетті-рөлдік, драмалау ойындары	Балаларды жауапкершілікке, өз іс-әрекетіне ұқыптылықпен қарауға, достарына көмектесуге және жақсы қасиеттерді бойына сіңіруге тәрбиелеу; ойын арқылы адамгершілік сезімдерін дамыту.	Қараша	Музыка жетекшісі, тәрбиешілер
11	«Жақсы мен жаманды салыстыру» балалармен әңгіме жүргізу	Балаларға жақсы мен жаман әрекеттерді ажырата білу қабілетін қалыптастыру, дұрыс пен бұрысты түсіндіру арқылы адамгершілік қасиеттерін дамыту және дұрыс мінез-құлыққа тәрбиелеу.	Қараша	Барлық педагогтер
12	«Жақсы іс – жүрекке жылу» мультфильмдер көру педагогтердің циклограммасында жоспарлау	Балаларға мейірімділік пен жақсылықтың маңызын түсіндіру, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру үшін мультфильм арқылы тәрбиелік әсерді арттыру.	Қараша	Тәрбиешілер
13	«Дарынды бала» зияткерлік байқауы	Балалардың шығармашылық және зияткерлік қабілеттерін анықтау және дамыту, олардың ойлау дағдыларын жетілдіру, өзін-өзі танып-білуіне, өзін-өзі дамытуға ынталандыру.	Қараша	МА топ балалары, тәрбиешілер, психолог, музыка жетекшілері
14	Психологиялық ойындар апталығы	Балалардың қарым-қатынас дағдыларын дамыту	Қараша	Психолог
15	«Күзгі Спартакиада»	Балалардың денсаулығын нығайту, спортқа қызығушылығын арттыру, ұжымдық рух пен достықты тәрбиелеу арқылы ынтымақтастық пен бірлік сезімін қалыптастыру.	Қараша	Тәрбиеші, ата-ана және бала
16	«Қысқы достарға қамқорлық» акция	Қыста құстарға мейірімділік пен қамқорлық көрсетудің маңызын түсіндіру, балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігі мен жауапкершілігін арттыру, құстарды азықтандыру арқылы жануарларға қамқорлық жасау мәдениетін қалыптастыру.	Желтоқсан	Тәрбиеші, ата-ана және бала
17	«Тәуелсіз ел - Қазақстан!» тақырыбында тақырыптық сағаттар өткізу	Балаларды Қазақстанның Тәуелсіздік тарихымен таныстыру, ел бірлігі мен тәуелсіздігін қадірлеуге тәрбиелеу, патриоттық сезімін ояту және елжандылыққа баулу.	Желтоқсан	Ересек, МА топтары
18	«Жаңа жыл – жаңа арман» мерекелік ертеңгіліктер	Балалардың мерекелік көңіл-күйін қалыптастыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту, достық пен ынтымақтастық сезімдерін арттыру, жаңа жылға деген үміт пен армандарын нығайту.	Желтоқсан	Тәрбиешілер

19	«Теңге алу», «Айырмашылығын тап», «Банкомат», «Ақшаны жұмсауды үйренеміз», «Әмиян», «Дүкен» ойындарын ойнату	Дидактикалық, сюжеттік ойындарды ойната отырып балаларда қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерін кеңейту	Қаңтар	МА топ тәрбиеленушілері
20	«Менің құқықтарым, менің міндеттерім» викториналық ойын	Балаларға өз құқықтары мен міндеттерін түсіндіру, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, жауапкершілік сезімін арттыру және өз-өзіне сенімділік дағдыларын дамыту.	Қаңтар	МА топ тәрбиеленушілері
21	«Біз кішкентай - экологпыз» тақырыбында танымдық, эксперименталдық іс- әрекет	Балаларға табиғатты қорғау және қоршаған ортаға деген жауапкершілікті түсіндіру, экологиялық дағдыларды дамыту, қоршаған ортаны сақтауға арналған қарапайым тәжірибелер арқылы танымдық қызығушылықты ояту.	Қаңтар	МА топтары
22	«Қысқы ойындар» жарысы	Салауатты өмір салтын қалыптастыру	Қаңтар	Дене жетекшісі
23	«Кішкентай ақыл-ой шеберлері» интеллектуалды ойын жарысы	Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, білімдерін бекіту, зейін мен есте сақтау дағдыларын жетілдіру және командалық жұмысқа тәрбиелеу.	Ақпан	МА топ тәрбиеленушілері
24	Ұлттық үстел үсті ойындары (тоғызқұмалақ, бестемше, бес тас, асық ату, бес атар, қазақша домино т.б.)	Балалардың логикалық ойлауын, зейінін және есте сақтау қабілеттерін дамыту арқылы ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді таныту, ұжымдастық пен ойын ережесін сақтау дағдыларын қалыптастыру.	Ақпан	Ересек, МА топ тәрбиеленушілері
25	«Шебер қол – шексіз өнер» (тәрбиеленушілер мен олардың ата- аналарының арасында)	Балалар мен ата-аналардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту, қолөнер арқылы шығармашылық және қолтық шеберлікті қалыптастыру.	Ақпан	Тәрбиеші, ата- ана және бала
26	Музыкалық ойын-сауық «Әуен мен қимыл үндестігі»	Музыка арқылы ырғақ сезімін дамыту, қимыл үйлесімділігін қалыптастыру.	Ақпан	Музыка жетекшісі
27	Челлендж «Жүректен шыққан алғыс» (тәрбиеленушілердің, олардың ата- аналарының және педагогтердің қатысуымен)	Тәрбиеленушілер, ата-аналар және педагогтер арасында алғыс айту мәдениетін қалыптастыру, жылы қарым-қатынас пен ынтымақтастықты нығайту, позитивті эмоциялар мен достық сезімдерін дамыту.	Наурыз	Балабақша ұжымы, ата- аналар және балалар
28	«Мамандықтар әлемімен танысу» ересектердің еңбегімен таныстыру бойынша	Балаларға әртүрлі мамандықтар туралы түсінік беру, еңбекке құрметпен қарауға тәрбиелеу және болашақта мамандық таңдау	Наурыз	Ересек, МА топ тәрбиеленушілері

	ұйымдастырылған іс-әрекет	мәселесіне қызығушылық ояту.		
29	«Жаңару мен мейірімділік мерекесі – Наурыз» ертеңгіліктер	Балаларға Наурыз мерекесінің мәні мен дәстүрлерін таныстыру, мейірімділік пен жаңаруға деген құндылықтарды тәрбиелеу, ұлттық мәдениетті құрметтеуге баулу.	Наурыз	Барлық топ
30	«Шын жүректен кітап сыйла» - Халықаралық балалар кітабы күні	Балаларға кітап оқу мәдениетін насихаттау, оқуға деген қызығушылықты арттыру, балалар арасында әдеби шығармашылық пен білімге деген сүйіспеншілікті қалыптастыру.	Сәуір	Барлық топ
31	«Ғарыштың сиқырлы әлеміне саяхат» (Ойын-саяхат)	Балалардың ой-өрісін, қиялын, байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту және ғарышкер мамандығының маңыздылығын ұғындыру.	Сәуір	МА топтары
32	Планетарийге саяхат	аспан әлемі туралы білімді танымал ету және адамдардың Ғарышқа деген қызығушылығын арттыру.	Сәуір	МА топтары
33	«Сауда үйі», «Сән салоны», «Емхана», «Автосервис» және басқалары Қоғамдық орындарда қауіпсіздік пен мәдениет сюжеттік – рөлдік ойындар	Балалардың қоғамдық орындардағы мінез-құлық мәдениеті мен қауіпсіздік ережелерін меңгеруін және әлеуметтік рөлдерді орындау арқылы өзара қарым-қатынас дағдыларын дамыту.	Сәуір	МА топтары
34	«Жазушы әлеміне сапар» (жергілікті кітапханаларға саяхат)	кітапханалық-ақпараттық мәдениетін қалыптастыру, кітаптың және жергілікті жазушылар шығармаларының маңызын ұғындыру арқылы оқуға және рухани-танымдық ізденіске деген қызығушылығын арттыру.	Сәуір	МА топтары
35	«Әжем айтқан ертегілер» видео материал дайында	Қазақ халқының ауыз әдебиетін (ертегілерді) дәріптеу, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен асыл мұра арқылы балалардың тіл байлығын дамыту және бойына адамгершілік, мейірімділік, еңбекқорлық сынды ұлттық құндылықтарды сіңіру.	Сәуір	Барлық топ
36	«Көңілді старт» отбасылық сайыс	Отбасымен бірге спорттық белсенділікті дамыту	Сәуір	Тәрбиеші, ата-аналар
37	«Гүл өсірейік!» экобұрыш ұйымдастыру	Балаларға табиғатты сүю және қорғау, экологиялық мәдениетті қалыптастыру арқылы гүл өсіру дағдыларын үйрету.	Мамыр	Тәрбиеші, ата-аналар
38	«Достығымыз жарасқан тату елміз!» сурет көрмесін ұйымдастыру	Халықтар арасындағы достық пен татулықты насихаттау.	Мамыр	Барлық топ

39	«Достық пен татулық — біздің байлығымыз» Мерекелік ертеңгілік	Балаларды достық пен татулыққа тәрбиелеу.	Мамыр	Ересек топтары
40	«Менің елім – мәңгілік мекенім» 7мамыр Отан қорғаушылар күніне ертеңгілік	Жас ұрпақты Отанға деген патриоттық сезімге тәрбиелеу, ел қорғаудың маңызын түсіндіру және Отан қорғаушылардың ерлігін құрметтеуге баулу.	Мамыр	МА топтары
41	Мектепке бейімделу апталығы «Мен мектепке барамын!»	Мектепалды даярлық топ балаларының мектеп өміріне қызығушылығын арттыру, оқу дағдысын қалыптастыру.	Мамыр	Әдіскер, тәрбиешілер
42	Мониторинг және талдау жұмысы	Балалардың жеке даму картасын қорытындылау, жетістіктер мен ұсыныстар шығару.	Мамыр	Әдіскер, педагог-психолог
43	«Жасыл әлем – біздің үйіміз» ата-аналармен бірлескен акция ұйымдастыру	Отбасы мүшелерін экологияны сақтау мен табиғатты қорғауға белсенді қатыстыру арқылы экологиялық сананы қалыптастыру және жасыл әлемді сақтау жөніндегі жауапкершілікті арттыру.	Мамыр-маусым	Әдіскер, педагогтер
44	Балалардың денсаулығын тексеру, иммунопрофилактика	Аурудың алдын алу	Жыл бойы	Медициналық қызметкер

Күтілетін нәтиже:

Балалардың танымдық, сөйлеу, моторлық және шығармашылық дағдылары дамиды, мектепке дайындық деңгейі артады.

3. ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ ОТБАСЫЛАРЫМЕН ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС.

Мақсаты: Балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастықты нығайту; Балалардың тұлғалық дамуына бірлесе ықпал ету; Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру.

Негізгі шаралар:

№	Іс-шара атауы	Мақсаты	Өткізу мерзімі	Жауапты
1	Ата-аналар жиналысы: "Бала – біздің ортақ қуанышымыз"	Балабақша мен ата-ана арасындағы байланыс жолдарын талқылау	Қыркүйек	Топ тәрбиешісі
2	«Күзгі жәрмеңке» жалпы балабақшаішілік жәрмеңке өткізу	Балалардың еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа және достыққа тәрбиелеу; күзгі өнімдер мен табиғат байлығын танып-білу арқылы еңбектің қадірін түсіндіру, ұжымдық және ата-анамен бірлескен жұмысты нығайту.	Қазан	
3	Сауалнама: "Менің балам балабақшада"	Ата-аналардың пікірін анықтау, ұсыныстар жинау	Қараша	Психолог, тәрбиеші
4	«Қысқы достарға қамқорлық» акция	Қыста құстарға мейірімділік пен қамқорлық көрсетудің маңызын түсіндіру, балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігі мен жауапкершілігін арттыру, құстарды азықтандыру арқылы жануарларға қамқорлық жасау мәдениетін қалыптастыру.	Желтоқсан	
5	Отбасылық сурет көрмесі: "Менің отбасым"	Отбасылық құндылықтарды дәріптеу	Қаңтар	Тәрбиеші, ата-аналар
6	«Шебер қол – шексіз өнер» (тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналарының арасында)	Балалар мен ата-аналардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту, қолөнер арқылы шығармашылық және қолтық шеберлікті қалыптастыру.	Ақпан	Топ тәрбиешісі
7	Челлендж «Жүректен шыққан алғыс» (тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының және педагогтердің қатысуымен)	Тәрбиеленушілер, ата-аналар және педагогтер арасында алғыс айту мәдениетін қалыптастыру, жылы қарым-қатынас пен ынтымақтастықты нығайту, позитивті эмоциялар мен достық сезімдерін дамыту.	Наурыз	Топ тәрбиешісі
8	«Шын жүректен кітап сыйла» - Халықаралық балалар кітабы күні	Балаларға кітап оқу мәдениетін насихаттау, оқуға деген қызығушылықты арттыру, балалар арасында әдеби шығармашылық пен білімге деген сүйіспеншілікті қалыптастыру.	сәуір	Топ тәрбиешісі

9	«Әжем айтқан ертегілер» видео материал дайында	Қазақ халқының ауыз әдебиетін (ертегілерді) дәріптеу, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен асыл мұра арқылы балалардың тіл байлығын дамыту және бойына адамгершілік, мейірімділік, еңбекқорлық сынды ұлттық құндылықтарды сіңіру.	сәуір	Топ тәрбиешісі
10	«Гүл өсірейік!» экобұрыш ұйымдастыру	Балаларға табиғатты сүю және қорғау, экологиялық мәдениетті қалыптастыру арқылы гүл өсіру дағдыларын үйрету.	Мамыр	Тәрбиеші, ата-аналар
11	«Жасыл әлем – біздің үйіміз» ата-аналармен бірлескен акция ұйымдастыру	Отбасы мүшелерін экологияны сақтау мен табиғатты қорғауға белсенді қатыстыру арқылы экологиялық сананы қалыптастыру және жасыл әлемді сақтау жөніндегі жауапкершілікті арттыру.	Мамыр	Топ тәрбиешісі

Күтілетін нәтиже: Балабақша мен ата-ана арасындағы байланыс нығаяды; Ата-аналардың бала тәрбиесіне қатысу белсенділігі артады; Балалардың әлеуметтік және эмоционалдық дамуына оң әсер етеді; Отбасында жылы, сенімді қарым-қатынас қалыптасады.

4. ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫМЕН ӨЗАРА ІС-ӘРЕКЕТ

Мақсаты: Балабақшадан мектепке өтетін балалардың бейімделуін жеңілдету, білім мен тәрбиенің сабақтастығын қамтамасыз ету, педагогтар мен ата-аналардың бірлескен жұмысын нығайту.

Негізгі шаралар:

№	Іс-шара атауы	Мақсаты	Мерзімі	Жауапты тұлғалар
1	Балабақша мен мектеп арасындағы өзара ынтымақтастық туралы жаңа оқу жылына іс-шаралар жоспарын бекіту	Әріптестік қарым-қатынасты қалыптастыру	Қыркүйек	Балабақша және мектеп әкімшілігі
2	Мектеп мұғалімдерінің балабақшадағы дайындық топ сабақтарына қатысуы	Болашақ оқушылардың білім деңгейімен танысу	Қазан	Әдіскер, дайындық тобы тәрбиешілері
3	Мектеп психологымен кездесу және тренинг өткізу	Балалардың психологиялық дайындығын анықтау	Қараша	Психолог, тәрбиешілер
4	«Мен мектепке барамын» атты ашық сабақ	Мектепке қызығушылықты арттыру	Желтоқсан	Тәрбиешілер
5	Ата-аналар жиналысы: «Мектепке даярлық деңгейі және үйдегі қолдау»	Ата-аналарға ақпарат беру, кеңес ұсыну	Қаңтар	Әдіскер, мектеп мұғалімі
6	Мектепалды тобы мен 1-сынып оқушылары арасында танысу кеші «Сәлем, мектеп!»	Балалардың мектеп өмірімен танысуы	Ақпан	Тәрбиешілер, бастауыш сынып мұғалімдері
7	«Болашақ оқушылардың портфолиосын» құрастыру	Балалардың жетістіктерін жүйелеу	Наурыз	МА тобы тәрбиешілері
8	«Бір күн мектепте» іс-шарасы (балалардың мектепке баруы)	Балаларға мектеп ортасымен танысу мүмкіндігін беру	Сәуір	Тәрбиешілер, мектеп мұғалімдері
9	Болашақ бірінші сынып оқушыларының білім деңгейін анықтау диагностикалық жұмыс	Балалардың оқу дағдыларын бағалау	Мамыр	Психолог, әдіскер
10	Сабақтастық бойынша қорытынды отырыс (талдау және ұсыныстар)	Ортақ жұмыстың тиімділігін талдау	Маусым	Мектеп және балабақша әкімшілігі

Күтілетін нәтиже: Балалардың мектеп өміріне психологиялық және әлеуметтік бейімделуі жеңілдейді; Мектеп пен балабақша арасындағы сабақтастық қамтамасыз етіледі; Тәрбиешілер мен бастауыш сынып мұғалімдері арасында өзара кәсіби байланыс нығаяды; Ата-аналардың бала дайындығына деген жауапкершілігі артады;

5. МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ЖАЗҒЫ САУЫҚТЫРУ КЕЗЕҢІН ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША ЖҰМЫС

Мақсаты: Балалардың денсаулығын нығайту, қозғалыс белсенділігін арттыру; Табиғат аясында демалу мен шынығуға жағдай жасау; Балалардың эмоционалды көңіл-күйін көтеру және жазғы демалысты тиімді ұйымдастыру.

Негізгі шаралар:

№	Іс-шара атауы	Мақсаты	Мерзімі	Жауапты тұлға
1	"Жаз келді, күн келді!" атты ашылу мерекесі мерекелік шара, ойындар	Балалардың жазғы маусымға қызығушылығын арттыру	Маусымның 1-аптасы	Тәрбиеші, музыка жетекшісі
2	Денсаулық күні Эстафеталар, спорттық ойындар	Салауатты өмір салтын насихаттау	Апта сайын	Тәрбиешілер
3	"Табиғат досы болайық" топ серуені, әңгіме	Табиғатты аялау, экологиялық тәрбие беру	Маусым	Тәрбиеші
4	"Көңілді старттар" командалық жарыстар	Қимыл белсенділігін арттыру	Маусым, шілде	Тәрбиешілер
5	"Су – тіршілік көзі" тәжірибелік ойын, сурет салу	Су ресурстарын қорғауға тәрбиелеу	Шілде	Тәрбиеші
6	"Менің сүйікті ертегім" қуыршақ театры, сахналау	Шығармашылық қабілетті дамыту	Шілде	Тәрбиеші, музыка жетекшісі
7	"Жазғы кітапхана" ашық аспан астында оқу сағаты	Кітап оқуға қызығушылықты арттыру	Шілде	Кітапханашы, тәрбиеші
8	"Көңілді саяхат" табиғат аясында экскурсия	Қоршаған ортамен таныстыру	Тамыз	Тәрбиеші
9	"Біз – табиғат баласымыз" атты сурет көрмесін ұйымдастыру	Балалардың экологиялық танымын кеңейту	Тамыз	Тәрбиеші, ата-аналар
10	Жазғы сауықтыру маусымының жабылуы: "Жаздың тамаша күндері" концерт, марапаттау	Жазғы кезең қорытындысын шығару, балаларды мадақтау	Тамыздың соңы	Әдіскер, тәрбиешілер

6. БАҚЫЛАУ: БАҚЫЛАУ ТҮРЛЕРІМЕН МАЗМҰНЫ

№	Тақырыптық бақылау	Шұғыл бақылау	Мерзімі
1		Жаңа оқу жылына дайындық: құжаттарды көрнекіліктерді тексеру.	Қыркүйек
2	«Балалардың жас ерекшелігіне сай коммуникативтік дағдыларды дамыту, заттық дамытушы ортаның жасақталуы» Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өткізілу сапасын бақылау	Топ құжаттары, баланың білім білік дағдыларын дамыту бойынша топтың жабдықталуы, ойын картатекалары, әдістемелік құралдарды, көрнекіліктерді -Топтардағы табиғат бұрышын бақылау	Қазан
3		-Балалардың дұрыс тамақтануын ұйымдастыру -Күннің II бөліміндегі жұмыстардың ұйымдастыруы -Топтардың перспективтік жоспарын, циклограммасын тексеру -ҰІӨ-нің ұйымдастыру сапасын бақылау	Қараша
4		-Балалардың дұрыс тамақтануын ұйымдастыру -Күннің II бөліміндегі жұмыстардың ұйымдастыруы -Топтардың перспективтік жоспарын, циклограммасын тексеру -ҰІӨ-нің ұйымдастыру сапасын бақылау	Желтоқсан
4		ҰІӨ өткізілу сапасын бақылау -Ертеңгілік жаттығулардың орындалуын бақылау -Күн тәртібінің орындалуын бақылау	Қаңтар
6	«Балабақшадағы театр бұрышы: қойылатын талаптар, дизайны, ойыншықтар мен аксессуарлармен жабдықталуы және қойылымға арналған балалар репертуары»	-ҰІӨ өткізілу сапасын бақылау -Ертеңгілік жаттығулардың орындалуын бақылау -Күн тәртібінің орындалуын бақылау -Театр бұрышының жабдықталуы	Ақпан
7		-Ұйқидан кейінгі сергіту жаттығулардың орындалуы бақылау -Ертеңгілік жаттығулардың орындалуын бақылау -Театр бұрышының жабдықталуы	Наурыз
8		-Серуен мақсаттарының орындалуын бақылау -Топтағы табиғат бұрышын бақылау -Балалардың дұрыс тамақтануын ұйымдастыру	Сәуір
9		-Табиғат бұрышындағы еңбекті бақылау -Серуенді бақылау	Мамыр

7. ӘКІМШІЛІК-ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

№ р/с	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Материалды-жауапты адамдардың жұмысын, топтардағы мүліктердің бүтіндігін бақылау.	үнемі	менгеруші
2	Қызметкерлердің еңбек демалысы кестесін құрастыру.	қаңтар	менгеруші
3	Азық-түліктердің сапасын бақылау.	үнемі	медбике
4	Нұсқаулық: - техника және өрт қауіпсіздігі;	үнемі	шаруашылық менгерушісі
	бала өмірін және денсаулығын қорғау.	үнемі	әдіскер
5	Балабақша аумағын көгалдандыру сенбіліктерін ұйымдастыру.	қажеттілігіне қарай	менгеруші шаруашылық менгерушісі
6	Балабақшаны жабдықтау және безендіру жұмыстарын бақылау.	үнемі	менгеруші шаруашылық менгерушісі
7	Балабақшаның көгалдандырылған саяжайларының, қоршаудың, құмның жағдайын қадағалау.	қажеттілігіне қарай	менгеруші шаруашылық менгерушісі
8	Қыс мезгіліне дайындық: жылу; жылу жүйесінің жұмысын қадағалау.	қазан	менгеруші шаруашылық менгерушісі

8. ӨНДІРІСТІК ЖИНАЛЫСТАР

№	Тақырыбы	өткізу түрі	мерзімі	жауаптылар
1	1. Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындылары. 2. Педагогикалық ұжымды 2025-2026 оқу жылының жұмыс жоспарын бекіту. 3. «Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау», Өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау нұсқаулықтары.	Дөңгелек үстел	қыркүйек	Менгеруші әдіскер
2	1. Ішкі еңбек тәртібі ережелерінің сақталуы. 2. Жаңа жыл мерекесіне дайындық. Өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақталуы.	дөңгелек үстел	желтоқсан	Менгеруші әдіскер
3	1.Топтардағы санитарлық эпидемиологиялық нормалардың орындалысы 2.Наурыз мерекесіне дайындық.	дөңгелек үстел	наурыз	Менгеруші әдіскер, шаруашылық менгерушісі
4	1. «Жазғы сауықтыру шараларын» талқылау және бекіту. 2. Жазғы мезгілде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулық. 3. Қызметкерлердің демалыс кестесін талқылау және бекіту.	дөңгелек үстел	мамыр	Менгеруші әдіскер медбике